

# Этнопедагогиканың басқа ғылымдармен байланысы

- Этнопедагогика – кіріктірілген ғылым, яғни этнография, педагогика, фольклор негізінде пайда болған педагогиканың ұлттық бөлімі.
- Этнопедагогика негізі- этнофилософия, этнос теориясы, этнопсихология, мәдениет философиясы, педагогика әдіснамасы.
- Педагогика – этнопедагогика ғылымында жетекші рөл атқарады. Этнопедагогика педагогика ғылымына енетіндіктен оның заңдылықтарын, принциптерін қолданады. Этнопедагогиканың мақсаты – этнографияның тәрбиелік маңызын ашу.

- **Этнос дегеніміз – халық. Этнология – этнопедагогиканың, оның терминологиялық аппаратының негізін дамытатын ғылым.**
- **Этнос – негізгі ұғым. Түрлері: ру, тайпа, ұлыс, ұлт.**
- **5000-нан астам этносты құрайтын әлемде 5 млрд. этнофор бар. Көбі ұлыс деңгейінде қалып, ұлт деңгейіне жетпеген. 800 ұлыс ұлт деңгейіне көтерілген. Жер бетінде жойылғалы тұрған 33 этнос бар. Ең азы – 200 адамды құрайтын вудь этносы. Себебі, аумағы, президенті бар. Қазақстанда 137 этнос бар. Оның ішінде 52,3 пайыз негізгі этнос болып табылады.**

- Ұлттық мектептің маңызды міндеті – этнопсихологиялық ерекшеліктерді зерттеу.
- Этнопсихология – ұлттық мінез-құлықты, жүріс-тұрысты, оның басқа ұлттардан ерекшеліктерін, ұлттық сананы қалыптастыратын жағдайларды зерттейтін психология ғылымының сапасы.
- Қ.Жарықбаев: “Халық психологиясы – адамдардың фольклорда, дінде, тілде, мәдениетте, дәстүрлерде көрініс тапқан психологиялық іс-әрекеті, өмір салты, тұрмысы туралы білімдер”, - деп көрсетеді.
- Осы пікірлер этнопедагогика мен этнопсихологияның ұқсастығын, екеуі де ұлттық сана-сезім, мінезді қалыптасытру мәселелерін шешумен айналасатындығын көрсетеді.

- Психология ғылымының докторы, профессор В.К. Шабельников этнопсихология кеңестік дәуірінде ұлттық айырмашылықтар ескінің сарқыншағы, болшақта ұлттар болмайды деген теріс көзқарастың кесірінен дами алмағандағын жазады. Ұлттық психологияның міндеті - халықтың өткен замандағы мінезін зерттеу, халық мінезінде болатын өзгерістерді алдын ала айту.
- Ғалым ұлттық психология бөліктеріне ұлттық мінезді, ұлттық мүддені, ұлттық сананы енгізді. Қазақтың жақсы мінез белгілері ретінде жауапкершілікті, өнерге деген сүйіспеншілікті, балаға деген махаббатты, үлкендерді құрметтеуді, ақтықты, аңғалдықты, атады. Қазақтың жаман мінезіне еліктеушілікті жатқызған.

- Ұлттық психология құрылымына кіретін маңызды элементтердің бірі – ұлттық мінез. Ұлттық мінез – халықтың қоғамдық, экономикалық өмірі арқылы қалыптасқан дағдылар мен әдеттердің жиынтығы.
- Оның белгілері – еңбексүйгіштік, қайырымдылық, ержүректік, қаталдық, еркіндікті сүю.
- Ұлттық өзіндік сана – ұлтқа тән жоғары деңгейдегі күрделі, жетілдірілген сана, адамның белгілі бір ұлт өкілі екендігін білу, басқа халықтарды құрметтеу.
- Ұлттық мүддеге қоршаған өмір, өндірістік қатынас әсер етеді.
- Ұлттық талғам ұлттың эстетикалық сезімінің қалыптасу деңгейін көрсетті. Сананы мәдениет анықтайды. Ұлттық санаға, психологияға көшпелі мал шаруашылығы қатты әсер етті.
- Діл (менталитет) – халық мәдениеті, діні, тұрмыс-тіршілігінен туындаған, белгілі бір ұлтқа тән тұрақты, өзгермейтін ойлау жүйесі.

- Этнофилософия ( гр.Ethnos – халық, phileo- сүйіспеншілік, sophia - даналық) – мәдени антропологияның бағыты болғандықтан және халықтардың әр түрлі құбылыстарды және дүниені қабылдауы арқылы санасына енген қоршаған орта құбылыстары.
- А. Қалабаев, Ж. Алтаев қазақ философиясын қазақ халқының тарихын зерттеу үшін методологиялық негіз деп қарайды.

- Этнопедагогиканың пайда болуына мәдениет теориясы да әсер етті. Мәдениет теориясы – қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізі.
- Этнографияның негізгі зерттейтін саласы – дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет.
- Табиғи-экологиялық мәдениет – материалдық өндіріс мәдениеті.
- Қоғамдық-экологиялық мәдениет – бір қоғамның басқа қоғаммен дипломатиялық, техникалық, ғылыми, сауда жолымен қарым-қатынас жасауы.
- Әлеуметті реттейтін мәдениет адамдардың бірлесен іс-әрекетін реттейді.